

Талғат Бекболатұлы Рамазанов^{1*}, Айнагүл Мақсатқызы Садық²^{1*} автор-корреспондент, философия докторы (PhD),

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0002-4405-5914 E-mail: take_kzz@mail.ru

² филология ғылымдарының магистрі,

К. Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0009-0007-8424-6735 E-mail: s.ainagul_94@mail.ru

САЯСИ ҚАЙРАТКЕР ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ

Аңдатпа. Бұл мақала қазақ халқының азаттығы жолындағы күресте жетекшілік еткен, ұлт зиялыларының алдыңғы қатарында болған аса көрнекті саяси және мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың тілдік тұлғасын зерттеуге арналған. Тұрар Рысқұлов – Қазақстан мен Орталық Азия тарихында айрықша рөл атқарған аса ықпалды тұлғалардың бірі. Оның азаматтық тұлғасы, қоғамдық қайраткерлік қызметі ұрпақтан-ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық. Ал әдебиеттегі асқақ та айбынды образы өзі сүйген, өзін сүйген туған ел-жұртына етене таныс әрі ыстық. Зерттеудің басты мақсаты – Қазақстан мен Орталық Азияның қоғамдық-саяси өмірінде маңызды орын алған қайраткер – Тұрар Рысқұловтың тілдік тұлғасын жан-жақты қарастыру. Ол үшін авторлардың алдында қайраткердің экономикалық, қоғамдық-рухани және саяси дискурсын танытатын еңбектерін қарастыру міндеті тұрды. Зерттеу нәтижесінде: 1) саяси қайраткердің еңбектеріндегі материалдық мәдениеттің озық үлгілері анықталды; 2) ғалымның экономика, өндіріс салаларына арналған мақалалары мен баяндамалары негізінде экономикалық дискурс айқындалды; 3) атқарған саяси қызметтері мен саяси сипаттағы еңбектері арқылы қайраткердің саяси тілдік тұлғасы анықталды. Мақаланың ғылыми-практикалық маңызы: мақалада талқыланатын мәселелер мен алынатын нәтижелерді қазақ тілтанымындағы мәтінтану, дискурс, саяси лингвистика, когнитивті лингвистика салаларында және элективті курстарда пайдалануға болады. Зерттеудің дереккөзін Т. Рысқұловтың көптомдық шығармалар жинағы, дискурс, тілдік тұлға ұғымдарының мәнін ашуға бағытталған ғылыми тілтанымдық еңбектер құрайды.

Кілт сөздер: тілдік тұлға; саяси қайраткер; саяси мәнді лексика; экономикалық дискурс; баспасөз**Қаржыландыру көзі:** Мақала BR21882227 «Жаңа Қазақстан контекстіндегі тілдік сананы жаңғыртудың лингвистикалық құралдары мен әзірлемелері» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.**Сілтеме жасау үшін:** Рамазанов Т.Б., Садық А.М. Саяси қайраткер Тұрар Рысқұловтың тілдік тұлғасы. *Tiltany*, 2025. №2 (98). 75-85-66.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-75-85>**Талғат Бекболатович Рамазанов^{1*}, Айнагуль Максатовна Садық²**^{1*} автор-корреспондент, доктор философии (PhD),

Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0002-4405-5914 E-mail: take_kzz@mail.ru

² магистр филологических наук,

Университет международного бизнеса имени К. Сағадиева, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0009-0007-8424-6735 E-mail: s.ainagul_94@mail.ru

ЯЗЫКОВАЯ ЛИЧНОСТЬ ПОЛИТИЧЕСКОГО ДЕЯТЕЛЯ ТУРАРА РЫСКУЛОВА

Аннотация. Статья посвящена изучению языковой личности Тураара Рыскулова – видного политического и государственного деятеля, возглавлявшего борьбу за освобождение казахского народа и стоявшего в авангарде интеллигенции страны. Т. Рыскулов – политический деятель, сыгравший особую роль в истории Казахстана и Центральной Азии. Его гражданская позиция и государственная служба послужат примером для будущих поколений. А его возвышенный и величественный образ в литературе очень близок его народу, которого он любил и который любил его. Цель статьи – изучение языковой личности политического деятеля Т. Рыскулова, сыгравшего особую роль в истории Казахстана и Центральной Азии. Для этого перед авторами была поставлена задача изучить произведения деятеля, отражающие его экономический, социально-духовный и политический дискурс. В результате исследования: 1) были выявлены передовые образцы материальной культуры в творчестве политического деятеля; 2) на основе статей и докладов учёного, посвящённых экономике и производственным отраслям, был определен его экономический дискурс; 3) политико-языковая личность определялась через его политическую деятельность и политические произведения. Научно-практическая значимость статьи заключается в том, что рассматриваемые в ней вопросы и полученные результаты могут быть использованы в казахском языкознании – в области текстологии,

дискурса, политической лингвистики, когнитивной лингвистики, а также в элективных курсах. Источником исследования являются многотомное собрание трудов Т. Рыскулова, научные лингвистические труды, направленные на раскрытие сущности понятий дискурса и языковой личности.

Ключевые слова: языковая личность; политический деятель; политически значимая лексика; экономический дискурс; пресса

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования №BR21882227 «Лингвистические средства и разработки модернизации языкового сознания в контексте нового Казахстана».

Для цитирования: Рамазанов Т.Б., Садык А.М. Языковая личность политического деятеля Тура Рыскулова. *Tiltanym*, 2025. №2 (98). С. 75-85. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-75-85>

Talgat Ramazanov^{1*}, Ainagul Sadyq²

^{1*}Corresponding author, Doctor of Philosophy (PhD), A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-4405-5914 E-mail: take_kzz@mail.ru

²Master of Philological Sciences, K. Sagadiyev University of International Business, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0007-8424-6735 E-mail: s.ainagul_94@mail.ru

THE LINGUISTIC PERSONALITY OF POLITICAL FIGURE TURAR RYSKULOV

Abstract. The article is devoted to the definition of the linguistic personality of Turar Ryskulov, a major political and statesman who began the struggle for the freedom of his native people and stood at the forefront of the Kazakh intelligentsia. T. Ryskulov is a political figure who played a special role in the history of Kazakhstan and Central Asia. His civic personality, the work of a public figure are capable of serving as an example from generation to generation. His high and majestic image in literature is very close and warm to his family, whom he loved and who loved him. The purpose of the article is to study the linguistic personality of the political figure T. Ryskulov, who played a special role in the history of Kazakhstan and Central Asia. To do this, the authors were faced with the task of considering the works of the figure, revealing economic, socio-spiritual and political discourse. The value of the article: 1) advanced examples of material culture in the work of a politician have been identified; 2) economic discourse was determined on the basis of articles and reports of scientists in the field of economics and production; 3) the political-linguistic personality of the figure was determined through political functions and works of a political nature. The scientific and practical significance of the article is the issues discussed in the article and the results obtained can be used in the fields of textual criticism, discourse, political linguistics, cognitive linguistics and elective courses in Kazakh linguistics. The source of the research is a multi-volume collection of works by T. Ryskulov, scientific linguistic works aimed at revealing the essence of the concepts of discourse and linguistic personality.

Keywords: linguistic personality; political figure; politically significant vocabulary; economic discourse; press

Source of financing: The article was prepared within the framework of the project of program-targeted financing of the No. BR21882227 “Linguistic tools and developments of reconstructing the linguistic conscious in the context of the new Kazakhstan”.

For citation: Ramazanov, T., Sadyk, A. The Linguistic Personality of Political Figure Turar Ryskulov. *Tiltanym*, 2025. No. 2 (98). P. 75-85. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-75-85>

Кіріспе

Алаш қозғалысының дәстүрін жалғастырған қайраткер ретінде Тұрар Рысқұлов қазақ тарихында ерекше орынға ие болды. Саяси қызметінің жиырма жылдан астам уақытында ол Түркістан Автономиялық Республикасы Кеңестерінің Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы, Кеңес Одағының Ұлт істері халық комиссарының орынбасары, Коминтерннің Атқару комитетінің Шығыс бөлімі басшысының орынбасары, Коминтерн Атқару Комитетінің Моңғолиядағы өкілі, «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы және Ресей Федерациясы Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары секілді жоғары лауазымды қызметтерді атқарды. Бұл оның мемлекеттік және саяси қызмет жолындағы жетістіктерін айғақтайды.

Атқарған саяси-қоғамдық қызметіне орай қайраткер Т. Рысқұловтың саяси өмірбаянын төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады:

- Түркістан кезеңі;
- Орталықта атқарған қызметі;
- Коминтерннің Моңғолиядағы өкілі қызметі;
- Ресей Федерациясының үкіметіндегі қызметі.

Т. Рысқұловтың қоғамдық-саяси қызметі отаршылдыққа қарсы бағытталған болса, оның шығармашылық мұрасы ең алдымен қазақ халқының тарихи дамуындағы өзекті мәселелерді объективті түрғыда зерттеуге арналды.

Академик Манап Қозыбаев Тұрар Рысқұлов туралы сөз қозғағанда, оның қысқа мерзім ішінде өз ортасынан дараланып, қайсар мінезімен ерекшеленгенін атап көрсеткен. «Егер ғасыр басында реформаторлық ұрпақтың бірден-бір танылған көсемі Әлихан Бөкейханов болса, ал советтік кезеңде дәстүр жалғастығын Т. Рысқұлов ұстады. Тұрар Ресейдің екі төңкерісін, қазақ халқының өзіндік төңкерісі 1916 жылды басынан өткізіп, күрес жолының ауыр тауқыметін бастан кешірді. Ресей империясының отаршылдық жүйесінің барлық жауыздығын, озбырлығын, қазақ сахарасындағы экономикалық, рухани мешеулікті, аштықты, қуғын-сүргінді, босқындықты, этноцид пен геноцидті ол қағаз жүзінде емес өзі көрді, жан дүниесінен өткізді. Отаршылдықтан жиренді, демократиялық Россиядан үйренді. Сөйтіп, ол жиырманың ортасына жетпей біртұтас көзқарасы бар тұлға болып сомдалды» (Қозыбаев, 1998) – деп көрсеткен еді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Тұрар Рысқұлов шығармалары материалдық-рухани лексика, экономикалық терминология және саяси риторика тоғысындағы кешенді лингвоперсонологиялық модель ретінде қарастырылды. Қайраткер мәтіндеріндегі этнографизмдер мен өндірістік-қаржы ұғымдарының ұйымдасу тәсілі арқылы XX ғасырдың 20–30-жылдарында қазақ тілінде қалыптасқан экономикалық дискурстың ішкі құрылымы мен прагматикалық қызметі айқындалды. Сонымен бірге, Рысқұлов публицистикасы саяси шешендік пен кәсіби терминологиялық қабатты тоғыстырған біртұтас мәтіндік жүйе ретінде айқындалды.

Материал және әдістер

Адамзат қоғамында орын алатын ірі өзгерістер мен тарихи оқиғалар тілге де өз ықпалын тигізбей қоймайды. Осыған байланысты қазіргі жалпы тіл білімі саласында антропоэлектік бағыттың орнығып келе жатқаны байқалады, бұл бағыт адам факторына басымдық беруімен ерекшеленеді. Осы бағыттың ішіндегі ең ауқымды сала – когнитивті лингвистика. Аталған сала тіл мен танымның ұдайы бірлігінен тұрады. Яғни тіл мен таным үйлесімі тіл иелменіне қатысты біртұтастықта қаралып, *тілдік тұлғаны* анықтауға негіз болады.

Зерттеу корпусына Тұрар Рысқұловтың 1917-1936 жылдары жарияланған 112 мәтіні (шамамен 210 мың сөз) енгізілді. Әуелі сөздер жиілігі санақ әдісімен есептеліп, одан кейін ван Дейктің әлеуметтік-когнитивтік дискурстық үлгісі арқылы автордың идеологиялық ұстанымы мен тыңдарманға бағдары айқындалды; экономикалық-саяси метафоралар А.П. Чудинов ұсынған «концептуалдық өріс» тәсілімен топтастырылды. Осы әдістердің бірізді қолданылуы зерттеудің теориялық тұжырымдары мен тілдік дерек арасындағы байланысты айқын көрсетті.

Әдебиетке шолу

Тіл ғылымында «тілдік тұлға» ұғымы өзекті әрі күрделі мәселелердің қатарына енеді. Оның күрделілігі экстралингвистикалық факторлармен сабақтастығы арқылы анықталады. Тіл білімінде тіл мен тұлға арақатынасына ертеден көңіл бөлінген. *Тілдік тұлға* ұғымын қалыптастыруда В. фон Гумбольд еңбектерінің маңызы жоғары. Ғалым тіл мен ойлауды салыстыра келіп, ойлау белгілі бір тілге тиесілі деген тұжырым жасайды (Гумбольд, 2001). «Әлем бейнесі» мен «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымдарының мәнін ашып, саралауға Э. Сепир мен Б. Уорфтың еңбектері өз үлесін қосты (Ерсұлтанова, 2019). «Тілдік тұлға» ұғымын алғаш рет 1930 жылы академик В. Виноградов енгізіп, оны «автор бейнесі» және «кейіпкер бейнесі» деп екіге бөліп қарастырды (Виноградов, 1976). А. Леонтьев «тілдік тұлға» ұғымын сөйлеуші ретінде сипаттаса, Г. Богин оны ақпаратты қалыптастыруға және қабылдауға қабілетті жеке адам ретінде анықтады (Ерсұлтанова, 2019). Осы ұғымның заманауи көзқараста зерттелуіне сеп болған Ю. Караулов тұжырымдары жалпы тіл біліміндегі «тілдік тұлға» ұғымының мәнін айшықтап, оның ұлттық-мәдени және аксиологиялық аспектіде зерттелуіне жолашар болды (Караулов, 1987).

Қазақстандық лингвистикада «тілдік тұлға» ұғымын анықтауда Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Н. Уәли, Г. Смағұлова, Г. Мұратова, Ж. Манкеева сынды ғалымдар елеулі үлес қосты. Ж.Манкеева тілдік тұлғаны зерттеу барысында тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ұжымның бірлігін қамтамасыз етуші, ақпаратты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші маңызды жүйе екенін атап өтеді (Манкеева, 2010).

Ғалым А. Ислам тілдік тұлғаны ұлттық тіл мен мәдениетті жетік меңгерген құзіретті тұлға

ретінде сипаттаса (Ислам, 2004), Г. Мұратова бұл мәртебені анықтау үшін адамның тілдің дамуына қосқан үлесін бағалаудың маңыздылығын көрсетеді (Мұратова, 2009).

А. Кушкимбаева мен А. Тымболова еңбектерінде М. Әуезов тілдік тұлғасының прагматикалық деңгейі прецеденттік мәтіндер негізінде айқындалып, кейінгі еңбектерде сабақтастық тапқан (Кушкимбаева, 2013). Аталған зерттеулер арқылы тілдік тұлға мәселесінің жеке сала ретінде қалыптасып келе жатқанын аңғаруға болады.

Осы тұрғыдан алғанда саяси қайраткер Т. Рысқұловтың атқарған қызметі мен қалдырған еңбектері ғалымның тілдік тұлғасын анықтауға сеп болады. Саяси қайраткердің тілдік тұлғасын зерделеу арқылы өзі өмір сүрген дәуірдің тілдік бейнесі мен рухани және мәдени, экономикалық, саяси дискурсын тануға мүмкіндік туады.

Аталған зерттеу жұмысында мәтінтанымдық талдау, концептуалдық және прагматикалық талдау, сипаттау мен баяндау әдістері назарға алынды.

Нәтижелер және талқылау

Т. Рысқұловтың өмірі саяси қайраткер, басшы ретінде зерттелініп, партиялық тұрғыда ғана бағаланып келді. XX ғасырдағы саяси-әлеуметтік оқиғаларға толы күрделі кезеңде Т. Рысқұлов тарихшы, публицист, сондай-ақ қайраткер-қаламгер ретінде де өзін көрсете білді. Т. Рысқұлов қысқа ғана ғұмырында саяси қайраткерлігімен танылып, артына тамаша еңбектерін қалдырды. Оның өмірі мен саяси қызметі мерзімді баспасөзбен тығыз байланысты болды.

Т. Рысқұловтың аса бай тарихи мұралары – кітаптары, баяндамалары, мақалалары Қазақстан тарихы үшін маңызы зор дерек болып табылады. Ғалым қазақ халқы тарихының айтулы кезеңдері мен жекелеген маңызды оқиғаларын көрсететін құнды еңбектер жазды. Оның көне заманнан бастап қазақтың сан қилы тағдырына арналған, ашаршылық, жұт, ұлт-азаттық күресі, Кеңес үкіметі тұсындағы саяси, мәдени, әлеуметтік, экономикалық жағдайды суреттейтін «Қазақстан», қырғыз халқының саяси, мәдени өмірін болжайтын «Қырғызстан», 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс барысын баяндайтын «Восстание туземцев Средней Азии в 1916 году», Түркістанның революциялық тарихын қамтитын «Революция и коренное население Туркестана» атты кітаптары жарық көрді.

Қазақ мәдениеті, ұлттық дүниетанымы, тілі мен дәстүрлерін жан-жақты сипаттайтын Т.Рысқұловтың еңбектерінің бірі – 1927 жылы жарық көрген «Қазақстан» атты кітабы. Бұл еңбек орыс тіліне де аударылған.

Аталған еңбектің бірінші бөлімі «Қазақстанның жері мен елі» деп аталады. Бұл бөлімде ғалым қазақтың жер ыңғайы мен оның байлығына қатысты тың талдаулар жасайды. Ғалым қазақтың жері мен көлін, топырағы мен тауын, ауа райы мен табиғат жағдайын, жануары мен өсімдігін түгел суреттеп, әрқайсысына нақты дәлелдемелер келтіреді.

Саяси қайраткер бола тұра, Т. Рысқұлов өз шығармасында халықтың мәдениеті мен тарихы жөнінде құнды деректерді молынан қамтыған. Халықтың рухани болмысы мен дүниетанымы тұрмыстық қажеттіліктерді қамтамасыз ететін түрлі материалдық мәдениет үлгілерін қалыптастырғаны белгілі. Халықтың ұлттық колоритін қалыңдата түсетін *материалдық мәдениеттің* озық үлгілері Т. Рысқұлов еңбектерінде сөз болады. Ғалым еңбектеріндегі саяси, экономикалық дискурс элементтерін сөз етпес бұрын, тіл мен мәдениеттің біртұтастығынан туындайтын рухани құндылықтарға шолу жасап көрмекпіз.

Т. Рысқұлов осы еңбегінде қазақтың түрі, тұрмысы, мінез-құлқына қатысты бірқатар сараптамалар жасайды. Айталық, *қазақ* деген халықты ғалым былайша суреттейді: *Қазақ күшті, денсаулығы нашарламаған халық. Қазақ орта бойлы, денесі балуан, кеуделі, иықты, көбіне дала қазағының аяғы қотандау келеді (бұл атқа көп мінуден болған), шашы қалың, қара, жақ сүйегі шығыңқылау келеді. Төзімділік, көнбістік қазақтың көбіне бірдей негізгі мінез* (Рысқұлов, 2007), – деп, дала қазағының болмыс-бітімі мен сырт келбетін дөп басып айтады.

Ұлттық тарихымызда маңызды рөл атқаратын дін, мәдениет, әдебиет, әдет-ғұрып сияқты рухани құндылықтардың барлығы тіл арқылы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына ықпал етеді. Белгілі тілші ғалым Б. Қалиұлы тіл мен рух, тіл мен халық, тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланыстың маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. «Тіл – халықтың бүкіл өмірінің айнасы. Ол (тіл) халықтың ақыл-ойы мен сана сезімінің, мәдениетінің барлық жауһарлары жинақталған мұражайы, асыл қазынасы, алтын қоры. Өмірді тілден артық

бейнелейтін, тілден артық сипаттайтын ешнәрсе жоқ» (Қалиұлы, 2012). Бұл тұжырымның мәнін Т. Рысқұловтың қазақтың мінезіне қатысты айтқан ой-толғамдары аша түседі: *Қазақ еті тірі, өз ісіне мығым, тәжірибеге сүйенген халық. Қазақтың қараңғы халқы арасында жоққа сенушілік болғанмен, нақ дін жолын мықты ұстанған халық емес. Қазақ көргенін, естігенін ұмытпай, қандай нәрсені болса да тез ұғады, тұйық емес, ашық, кіммен болса да тез үйір болады. Қазақта бұрыңғы ескі тұрмыстан қалған қонақ асы, қонақты күткіштік, қайғыға ортақтасып, қазаға жиылу, бергіштік, адалдық, ақ көңілділік мінездер бар. Бұл жақсы мінездер* (Рысқұлов, 2007).

Сонымен қатар ғалым, қазақтың өне бойындағы қолайсыз мінездерін де салыстыра талдайды: *Қазақтың қолайсыз мінездері: көшпелі тұрмыстан қалған жалқаулық, ертеңгі күнді қайғырмаушылық бар. Оның бер жағында патшаның отар саясатынан пайда болған қолайсыз мінездері де бар. Мәселен, әкімге құлша табыну, өтірік айту, ынжық, қорқақтық сияқтылар* (Рысқұлов, 2007).

Қазақ қоғамында әйел отбасының ұйытқысы ретінде бағаланып, ерекше құрметке ие болған. Көшпелі шаруашылық жағдайында ер адамдар шаңырақты көтеріп, ал үйдің сүйегін бекітіп, жабындысын жабу ісіне әйелдер жауапты болған. Қазақ қоғамында ерлер аналардың осы ерекшеліктерін көріп, оларды дәстүрлі заңдар арқылы қорғаған. Бұл пікірімізді Т. Рысқұлов еңбегіндегі тұжырымдар нақтылай түседі: *Қазақтың әйелінің түрі де еркектерінің түріне келеді, тек ұсақтау, бет пішіні ашықтау келеді. Қазақ әйелдерінен де сұлулар көп табылады. Қазақ шаруашылығында қазақ әйелінің маңызы аса зор. Өйткені, отбасының барлық жұмысы соның мойнында. Оның үстіне малды күту, егін-пішенді жию ретінде еркектерге жәрдем етеді. Басқа мұсылман халықтарының әйелі сияқты қазақ әйелі бетін жасасрмайды. Еркекпен араласу жөнінде де қазақ әйелінің бостандығы молырақ. Сөйтсе де қазақ әйелі әлі малай есебінде, еркектің қысымында боп келеді. Осы күнге шейін мал орнына сату, қалыңмал алу жойылған жоқ. Қазақ әйелі оның үстіне байдың, жуанның ескі әдет-ғұрыптарының тепкісінен әлі құтылған жоқ. Бірақ басқа шығыс халықтарының әйелімен салыстырғанда қазақ әйелі теңдікке бұрын жетуінде сөз жоқ* (Рысқұлов, 2007), – деп, қазақ әйелінің әлеуметтік мәртебесіне қатысты сол өзі өмір сүрген заман тұрғысынан баға береді.

Тіл мен дін – халықтың дүниетанымында өзара тығыз байланысты ұғымдар. Діни лексика – қазақ тілінің ажырамас бір бөлігі. *Дін жолы, діндарлық мінез, шарият ережелері, ислам діні, ескі дінсіздік, дін қызметкерлері, мешіттің кемдігі, ишан-қажылар* сияқты діни лексика элементтері Т. Рысқұлов мақалаларында жиі ұшырасады. Мұндай ұғымдардың семантикалық сипаты таза лингвистикалық аспектіден гөрі терең философиялық мәнге ие болып келеді.

Т. Рысқұловтың «Қазақстан» кітабының бірінші бөлімінде халықтың тұрмыс-салтына, дәстүрлері мен ырым-жоралғыларына қатысты рухани-мәдени лексика көрініс тапқан. Ұлттық дәстүрлердің астарында символдық мән бар екенін А. Жылқыбаева, Ә. Аймауытова, К.Қайырбаева, К. Күркебаев сынды зерттеушілер атап көрсетеді. *Қазақта бала туғанда, құда түскенде, қыз ұзатқанда той қылу, кісі өлсе ас беру бар. Бұларда атжарыс бәйгесі, мүше көкпары болады. Ел ішінде ақындар, әншілер домбырамен өлең айтады, қобызбен күй тартады* (Рысқұлов, 2007), – деп, ел ішінде орындалатын салт-дәстүрлерден мысалдар келтіреді.

Қайраткердің тілдік қолданысында көне тұрмыстық реалийлер – киім-кешек, құрал-жабдық, ыдыс-аяқ, ас-тағам атаулары жиі кездеседі: *Қазақ киімі көбіне біртүрлі. Ішкі киімі – көйлек, ыстан, онан соң камзол, бешпент, шалбар, сырттан қаптал шапан киіп, оның сыртынан шүберек белбеу я кісе буынады. Қазақтың көбіне тұтынатыны – сиса, тең, боз, арзан қол трике. Мұнан бөтен қазақтың өзінің тоқыған шекпенін де көп киеді. Аяққа былғарыдан мәсі мен байпақты етік, я кебіс киеді. Қыс әлгі күні киім сыртынан не күпі, не тон, не ішік киеді. Бұлар жоқ болса мақталы шапан киеді. Қазақ әйелінің киімі еркектікінен едәуір айырмасы бар. Қазақ әйелі бүрмелі ұзын көйлек киеді. Сыртынан ұзын бешпент киеді. Қыздар басына құндыз я түлкі бөрік киеді де, қатындар кимешек я түнгі жаулық салып, оның сыртынан үстінгі жаулық орайды. Жас келіншектер кимешегіне, маңдайы мен бетіне келетін жеріне мойыншақ, шеке-ту қадап тастайды. Аяқ киімі кебіс, мәсі, еркектің аяқ киімінен айырмасы өкішесі биігірек болады* (Рысқұлов, 2007).

Т. Рысқұлов өз еңбегінде қазақ халқының тарихи даму кезеңдерін талдап, мемлекеттіліктің қалыптасу мәселесіне ерекше назар аударады. Ғалымды сол кезеңдердегі экономикалық ахуал

терең толғандырады. Сол себепті ол биік деңгейдегі басқосулардың барлығында республикадағы алым-салық, қолөнер, ауылшаруашылық, өнеркәсіп сияқты мәселелерді қозғайды. Т. Рысқұлов республикадағы шаруашылық ісіндегі көптеген келеңсіздіктердің бетін ашып, дұрыс жолға қойылуын баса айтады. Мемлекеттің қалыптасуы жолында саясат қандай рөл атқарса, экономика оның негізі екенін дәлелдеп отырған.

Қайраткердің экономикалық көзқарастарын қарастырмас бұрын, отандық лингвистикада «дискурс» ұғымының анықтамасына тоқталу қажет. Дискурс – қарым-қатынас барысында ойды жеткізудің әлеуметтік астарына талдау жасайтын ұғым.

Дискурс тек мәтін шеңберінде ғана қарастырылмайды, ол мәтінді толық түсінуге мүмкіндік беретін экстралингвистикалық факторлармен (мысалы, адресанттың негізгі мақсаты, оның әлеуметтік мәртебесі мен жағдайы, жалпы дүниетанымы мен білім қоры) тығыз байланысты. Қазіргі тіл білімінде Т.А. Ван Дейктің ұсынған анықтамасы кеңінен қолданылады. Ғалымның пікірінше, «дискурс» – өзінің құрылымында тек мәтінді ғана емес, сонымен қатар оны дұрыс түсінуге негіз болатын бірқатар экстралингвистикалық факторларды (әлем туралы білім, коммуникатордың мақсаттары, бағыты мен ұстанымдары және басқа да маңызды аспектілер) қамтитын күрделі коммуникативтік феномен болып табылады. Бұл анықтама көптеген лингвистикалық зерттеулердің негізіне айналып, дискурстық талдаудың кеңінен дамуына ықпал еткенін атап өтуге болады (Қартжан, 2023).

Экономикалық дискурс – белгілі бір экономикалық идеяларға негізделген сөйлеу актісі. Мұнда «тауар», «ақша», «нарық», «инвестиция», «экономика» және басқа да экономикалық ұғымдар кеңінен қолданылады.

Тұрар Рысқұловтың еңбектеріндегі экономикалық дискурстың маңызды бөлігі – ақша айналымы мен қаржы саясаты мәселелері. Айталық, «Қазақстан» кітабының 6-бөлімі «Қазақстанның қазіргі шаруашылық жайы деп аталып, мал шаруашылығы, егін шаруасы, өнерлі кәсіп, кен байлығы, ақша, қаржы, қарыз, сауда, кооперация, қатынас, тасымал жұмысы сияқты тақырыпшалардан құралады.

Ғылымда экономикалық мәтіндердің үш түрі белгілі:

- бүкіл халыққа түсінікті мәтіндер;
- кәсіби мамандарға түсінікті мәтіндер;
- тар шеңберлі мамандар-теоретиктерге арналған мәтіндер.

Бұл тұрғыдан алғанда ғалым Т. Рысқұловтың еңбектеріндегі экономикалық мәтіндер мен терминдер бүкіл халыққа түсінікті. Оның еңбектерінде сол кезеңдегі тілдік ахуал анық байқалады. Айталық, *1924 жылы жалпы Ресей құрамасында ақша өзгерісі болды. Сол жылы шығарылған ақшадан ескі Қазақстан жерінде 1 миллион 30 мың сомдық уақ күміс, 20 мың сомдық бақыр ақша болды* (Рысқұлов, 2007).

Қайраткер Т. Рысқұлов сол кезеңдегі экономикалық саясатты терең меңгергендігін еңбектері арқылы білуге болады. Себебі сол кезеңдегі халықтың хал-ахуалы мен тұрмыс-тіршілігін өз мақалаларына арқау еткен. Оның экономикалық дискурсында *жергілікті бюджет, мемлекеттік бюджет, азық-түлік, құн, кәсіп, салық, түсім, айырбас* т.б. экономикалық терминдердің жиілігін кездестіруге болады.

Т. Рысқұловтың экономикалық мәтіндері сол кезеңдегі халықтың тұрмыс-тіршілігімен тікелей байланысты болды. Ақша айналымы, құн, айырбас т.б. мәселелерге арналған мақалалары арқылы сол кезеңдегі халықтың экономикалық санасын қалыптастыруға ықпал еткенін байқаймыз. Айталық, ішкі саудаға қатысты тұжырымын қарапайым халыққа түсінікті тілде былайша жеткізеді: *Қазақстанның ішкі саудасының түрі мынау: 1924-1925 жылы ауыл шаруашылығы 70 миллион сомдық зат сатты, ал 1925-1926 жылы сататын заты 100 миллион сомға жетпек. Ауыл шаруасы 1924-1925 жылы 82 миллион сомға, 1925-1926 жылы 107 миллион сомға тауар алу шамасынан келді. 1926-1927 жылы 160 миллион 600 мың сомдық тауарды сатып алуға қолынан келетін болды. 1925-1926 жылдың мағлұматына қарағанда сауданың дені-ақ мемлекет ұйымдары мен кооператив ұйымдарының қолында көрінеді. Ел ішінде мемлекет сауда ұйымдары нашар. Уақ саудада елде болсын, қалада болсын, жай саудагерлер әлі күшті* (Рысқұлов, 2007).

XX ғасыр басындағы саяси элита қатарында Т. Рысқұловтың өзіндік орны болды. Т.Рысқұловтың саяси қайраткерлігі көп қырлылығымен танылды. Тұрар қайраткерлігінің басты ерекшелігі – оның теориялық ой-тұжырымдарының жан-жақты практикалық әрекеттерінен көрініс тауып, қоғамдық әрекетке ұласқандығында болды. Тұрар Рысқұловтың саяси көзқарастары мен тұжырымдары оның одақтық көлемдегі жиындарда сөйлеген сөздері мен жасаған баяндамалары арқылы танылды.

Өлкедегі ұлттық элитаның саяси күресін теориялық тұрғыда негіздеген және ұлт мәселесінде қалыптасқан дағдарыстан шығудың нақты саяси шешімдері тұжырымдалған баяндамалар Т.Рысқұлов қаламынан туды. Қайраткердің сөйлеген сөзі, жасаған баяндамалары оның саяси тілдік тұлғасын анықтауға негіз болады. Мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, саяси тұлғалардың өзгелерден айырмашылығы – белгілі бір мәселеге қатысты олар тек өздерінің жеке пікірін ғана білдіріп қоймайды, сонымен қатар қалыптасқан жағдайға байланысты ұжымның, мекеменің, мемлекеттік органның немесе тұтастай мемлекеттің көзқарасын, ұстанымын көпшілікке жария етеді.

Саясаткердің басты ерекшелігі – оның сөзінің дискурстық табиғаты, өйткені саясат ең алдымен тілдік құралдар арқылы жүзеге асады. Саясаткер өз аудиториясын сөзі арқылы бағыттап алады, белгілі бір ойларды қалыптастырып, көпшілікке әсер етудің әртүрлі тәсілдерін қолдана алады. Ол ақпаратты белгілі бір мақсатқа сай өңдеп, оны бұқара халыққа тиімді жеткізе отырып, манипуляция жасай алады, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізе алады немесе қоғамдық пікірді өз мүддесіне сай қалыптастыра алады. Осы себепті саяси коммуникацияның кез келген элементі оған қатысушыларға белгілі бір дәрежеде ықпал ету қабілетіне ие болады (Кенжеқанова, 2015).

Орыс зерттеушісі А.П. Чудинов саяси коммуникацияны кең ауқымда қарастырады. Ғалымның пайымдауынша, саяси коммуникация – белгілі бір элементтер жиынтығынан тұратын және саяси үдерістерді жүзеге асыруға бағытталған күрделі коммуникативтік жүйе болып табылады. Бұл жүйе қоғамдағы ақпарат алмасудың маңызды механизмі ретінде қызмет етіп, түрлі деңгейдегі саяси дискурсты қалыптастырады:

- ✓ саяси тіл;
- ✓ саяси мәтін;
- ✓ мәнмәтін;
- ✓ саяси сөз (речь);
- ✓ саяси тілдің стилі;
- ✓ коммуникацияның саяси саласы мен оның түрлері;
- ✓ саяси сөздің жанрлары;
- ✓ саяси дискурс (Чудинов, 2007).

Саяси қайраткер Т. Рысқұловтың еңбектерінде саяси терминдер жиі ұшырасады. Айталық, «Қазақстан» атты еңбектің 8-бөлімі Қазақстанда жалпы одақтық коммунист партиясының құрылуына арналған. Осы аталған бөлімде «партия» сөзі 50 рет кездесетініне көз жеткіздік: *Жалпы одақтық Кеңес партиясының ұйымдары ішіндегі ең жас ұйым – Қазақстандағы партия ұйымы. Өйткені Қазақстандағы партия ұйымы басқа жерлерден кеш жасалды. Қазақстан ұйымдарындағы партия мүшелерінің ішінде Қазақ төңкерісінен бұрын коммунист болғандар 0,03 процент, яғни мың мүшенің үшеуі ғана Қазан төңкерісінен бұрын коммунист болғандар. Әлгі отар саясатының арқасында қазақ халқының мәдениеттен жсырақ қалуы, Ресейдегі социал-демократ партиясының да, басқа партиялардың да ішінде әсері жойылмауы. Міне, осылардың бәрінің салдарынан Қазақстанда коммунист партиясы бұрын жасалмады* (Рысқұлов, 2007).

Сонымен қатар Т. Рысқұловтың саяси дискурсы сол өзі өмір сүрген дәуірдің тілдік ахуалын аңғартады. Қайраткердің партия ұйымдары мен мекемелері, партия мүшелерінің белсенділігі хақында айтқан тұжырымдары оның саяси тілдік тұлғасын аңғарта түседі: *Жалпы Одақтық Коммунист партиясының Қазақстандағы ұйымының басында өлкелік комитет бар. Мұның қарауында бір облыстық комитет, 6 губерниялық комитет, бір округтік комитет, бір уездік комитет бар. Соңғыларың өзі бес қалалық комитетті, 35 уездік комитетті, 71 болыстық комитетті, 1461 ұяны ұйымдастырып отыр. Қазақстанда орта есеппен бір ұяға 24 мүше келеді. Жердің шалғайлығына қарағанда бір ұяға 24 кісі деген аздай.*

Партия белсенділерінің ішіндегі қазақ қызметкерлерінің саны 23,6 процент, партиядағы жалпы қазақ санына қарағанда бұл азырақ. 1925-інші жылдың басында Ленин құрметіне партияға жаңадан кіргендердің саны 4000-дай кісі болды. Жалпы алғанда Қазақстандағы партия ұйымының тәртібі күшті, өсек-аяңнан таза деуге болады, қалың көпшілікке жайылып кеткен жікшілдік, ала пікірлік сезілмейді. Кей реттерде аздап орыс ұлтшылдығы мен қазақ ұлтшылдығының иісі шыққандай болса да, осы күні бұ да жойылып келеді (Рысқұлов, 2007). Сондай-ақ берілген үзіндіден саяси мәселені қазақ танымына сай бір ұяға, өсек-аяңнан таза, жікшілдік, ала пікірлік, иісі шыққандай тілдік бірліктер арқылы ұғындыруы анық байқалады.

Сонымен қатар Т. Рысқұловтың саяси дискурсында сол кезеңдегі билік қолданған саяси терминдер молынан ұшырасады. Мәселен, *губерния, комитет, округтік комитет, уездік комитет, пленум, кеңес өкіметі, кандидаттар т.б.* терминдер сол кезеңдегі саяси ахуалды бейнелейді.

Қайраткер Т. Рысқұловтың саяси дискурсында оның баспасөзде жарияланған мақалалары мен хаттарының орны ерекше. Ғалымның баспасөзде жарияланған мақалаларында идеологиялық мақсаттағы саяси мәнді тілдік бірліктер жиі ұшырасады.

Қазақ газеттеріндегі идеологиялық мақсатта қолданылатын саяси лексиканы зерттеген Ф.Жақсыбаева өз зерттеуінде мұндай лексикалық бірліктерді бірнеше негізгі топқа бөліп қарастырады. Оның жіктелісі саяси мәтіндердегі идеологиялық әсер ету құралдарын жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік береді:

- 1) қоғамдық-саяси терминдер;
- 2) идеологиялық мағыналық реңк үстемеленген саяси мәнді лексика;
- 3) идеологиялық мағыналық реңк үстемеленген эмоциялық-экспрессивтік саяси мәнді лексика:

- жағымды мәнді білдіретін лексика;
- жағымсыз мәнді білдіретін лексика (Жақсыбаева, 2000).

Осы аталған жіктеліс бойынша Т. Рысқұловтың мақалаларындағы саяси лексикаға зер салып көрелік:

1. Қоғамдық-саяси термин сөздерге: *болыстық комитет, патиша өкіметі, Кеңес одағы, жетісу губерниясы, партия, Түркістан компартиясы, Атқару комитеті, жергілікті буржуазия, уез, түздіктер.*

2. Идеологиялық мағыналық реңк үстемеленген саяси мәнді лексикаға: *қазақ халқының ұлт азаттығы, түрік халықтарының бірлігі, ұлтжандылық, жаңа ұлт, ұлт зиялылары, қазақ оқығандары, саясат партиясы.*

3. Идеологиялық мағыналық реңк үстемеленген эмоциялық-экспрессивтік саяси мәнді лексика:

а) жағымды эмоцияны білдіретін саяси мәнді лексикаға: *Түркібті ашқан әдейі еске салайын деп отырғаны, осы замандағы таң қаларлық ұлы салыстарға көз салғанда болашақта Түркібтің пайдасы айтқаннан да көбейеді, өседі. Түркіб Одақтағы ұлы құрылыстың бірі. Түркіб жер жүзіндегі жаңа жолдардың ең ұзыны. Қазақ еңбекшілерінің сөзін сөйлейтін баспасөз Октябрь төңкерісінен кейін туып, коммунист партиясының қанат астында өсіп өркендеді. Біздің баспасөзіміз әсіресе газет – үгіт-насихат тартатын күшті құралымыз, партия мен қалың бұқараның сөйлесетін тілі. Шынында баспасөздің мәнісі зор. Әсіресе біз секілді өне-білім ретінде артта қалған жұртта баспасөздің мәнісі ірі болуға тиіс. Еңбекшілердің күнбе-күнгі тұрмысында жаңа өмір, тегістік тұрмыс орнату жолындағы тартысында кемшіліктерден құтылып жақсылыққа жету ретінде күшті құралдың бірі – осы баспасөз. «Үгітші, тілші, ұйымдастырушы болумен қатар, бізде баспасөз ағартушылық, өнер-білім берушілік қызметін де атқарады (Рысқұлов, 2007).*

ә) жағымсыз эмоцияны білдіретін идеологиялық мағыналық реңк үстемеленген эмоциялық-экспрессивтік саяси мәнді лексикаға: *Әлі күнге кейбір газеттерімізде партия бағытынан ауа жайылып кететіндік бар. Мұндай пәле соңғы күндерге шейін басшы газетіміз «Еңбекші қазақта» да оқта-текте болып келді. Өзге газеттер де сау деуге болмайды. Осы күнге дейін газет-журналдарымыз оқушысын дұрыс тани алмай келеді. «Әйтеуір оқушыға» делініп жұрттың бәрін жарылқаймын деп әуреленіп келеді. Көсемдік қыларлық «Еңбекші қазақ» кейде тым қара*

шаруашыл болып, шаруаға айналған губерниялық газеттеріміз кейде көсемдікке жармасып, қай-қайсысы болсын өз міндеттерін анықтап біле алмай келеді. Мұнымен қатар қазіргі құрылыстағы білімді жабайы қызметшілерді қалай пайдаланудың онан соң бүгінгі құрылыс материалдарын қалай пайдаланудың да жоспары жоқ. Ерте бастан қамданбай ертең жол біткен соң бұл қызметшілермен материалды бет-бетімен жан-жаққа тоздыру – бұл өте орынсыз болар еді. Қара шаруа коллективке өздері тіленіп кіріп отыр. Коллективте жуандардың ықпалымен күресе отырып, коллективке жуандарды жібермей, коллективке кедей батырақтардың белсенділігін арттырып, оппортуништылық көзқарасты жою керек. Әсіресе, тіл жағы нашар. Біздің газеттеріміз, әлі ауылдың жабайы шаруасына түсінікті, жалпы қара бұқараға ұғымды тілмен жаза білмейді (Рысқұлов, 2007).

Т. Рысқұлов үшін ерекше тақырып – Түрксіб. Ол Қазақстан мен Орта Азияның экономикалық дамуында Түрксібке ерекше маңыз берді. Түрксіб теміржолы құрылысының маңыздылығын арнайы ғылыми еңбектер мен мақалалар арқылы дәлелдеп, ғылыми баяндамалар жасады. Газет бетінде жариялаған мақаласында саяси маңызы зор теміржол тақырыбын қарапайым шаруа тілінде түсіндіріп береді: «Россия жұртынан Ташкент қаласына шейін теміржол салмақ үшін, қай жақпен теміржолды алып баруға, жол қарауға падиша хазіреті лұқсат берді. Саудагерлердің саудалары көбейер еді. Екінші малды бір жаққа жіберемін десе, красы ап-арзан болар еді. Үшінші орыстың ішкергі қалаларына барып көріп келемін десе, ап-арзан ақшамен тез барып, көріп келер еді. Теміржол былай салынады. Тегіс жердің үстіне, өзінен екі-үш бармақ кеңдігіндей, темір арбаның дөңгелегі үстінен жүргендей, екі темір салынады. Темір арбаның дөңгелегі әлгі темірдің үстінде жүріп бара жатқанда шығып кетпейді. Оның үшін шықпайтұғын қылып қойған» (Рысқұлов, 2007).

Қорытынды

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы аса ірі саяси қайраткер – Тұрар Рысқұловтың тілдік тұлғасын өзінің жасаған баяндамалары мен еңбектерінің негізінде саралауға тырыстық. Нәтижесінде ғалымның тілдік тұлғасын халықтың ұлттық колоритін айшықтайтын материалдық мәдениет пен рухани-мәдени лексика үлгілері қамтыса, сол кезеңдегі экономика, өндіріс салаларына қатысты жасаған баяндамалары мен мақалалары арқылы ғалымның тілдік санасында экономикалық дискурс элементтері жиі ұшырасатыны анықталды. Сонымен қатар атқарған қоғамдық, саяси қызметтері арқылы қайраткердің саяси тілдік тұлғасы айшықталды. Нәтижесінде саяси қайраткер Т. Рысқұловтың тілдік тұлғасын Кесте 1 арқылы былайша көрсетуге болады:

Кесте 1 – Т. Рысқұлов тілдік тұлғасының дискурстық моделі

Таблица 1 – Дискурсивная модель языковой личности Т. Рыскулова

Table 1 – Discursive model of T. Ryskulov's linguistic personality



Тұрар Рысқұлов – халқымыздың ұлтжанды біртуар перзенті, XX ғасырдың 20-30 жылдары шын мәніндегі қайраткер дәрежесіне жеткен тұлға, үлкен саясаткер, ұшқыр қаламды көсемсөз шебері. Біз қайраткердің тілдік тұлғасына оның жазған мақалалары мен жасаған баяндама мәтіндері арқылы, қалдырған еңбектері негізінде зер салуға тырыстық. Т. Рысқұлов ұлттың сол кезеңдегі маңызды әрі ауқымды мәселелерін көтеріп, жетекшілік еткені әрі мемлекет деңгейінде атқарған қоғамдық-саяси қызметі оның тілдік тұлғасын әлі де зерттеуді қажет етері анық.

Әдебиеттер

- Виноградов В. Поэтика русской литературы: Избранные труды. – Москва: Наука, 1976. – 511 с.
 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – Москва: Прогресс, 2001. – 400 с.
 Ерсұлтанова Г. «Тілдік тұлға» ұғымының құрылымдық мәні // А. Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Елтаным, 2017. – 396 б.
 Ерсұлтанова Г. Language personality in the context of journalism (mass media) – AD ALTA: Journal of International Disciplinary Research. Volume 9. 2019. P. 90-96. https://www.magnanimitas.cz/ADALTA/090107/papers/A_16.pdf
 Жаксыбаева Ф. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығатын газет материалдары бойынша): филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2000. – 153 б.
 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы - салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғыл. докт. ... дис.: 10.02.19. – Алматы, 2004. – 338 б.
 Караулов Ю. Русский язык и языковая личность. – Москва: Наука, 1987. – 261 с.
 Кенжеқанова Қ. Саяси дискурстың прагматикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалы бойынша): философия докторы ... дис. – Алматы, 2015. – 168 б.
 Қалиұлы Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін: мақалалар жинағы. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 246 б.
 Қартжан Н., Исакова С., Кенжемуратова С. Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. №2 / 2023. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.07>
 Қозыбаев М. Тарих зердесі. – Т. 2. – Алматы: Ғылым, 1998. – 275 б.
 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2010. – 382 б.
 Мұратова Г. Абайдың тілдік тұлғасы: филол. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 2009. – 303 б.
 Рысқұлов Т. Шығармаларының толық жинағы. – Т. 1, 2, 3, 4. – Алматы: Қазығұрт, 2007.
 Чудинов А. Политическая лингвистика: учебная пособие. – Москва: Флинта, Наука, 2007. – 256 с.
 Kushkimbayeva A., Tymbolova A. Precedent texts as the basis of a pragmatic level of M. Auezov's linguistic personality // Middle-East Journal of Scientific Research 18 (4): 454-460, 2013. [https://www.idosi.org/mejsr/mejsr18\(4\)13/6.pdf](https://www.idosi.org/mejsr/mejsr18(4)13/6.pdf)

References

- Chudinov, A. (2007) Politicheskaja lingvistika: uchebnoe posobie. Moskva: Flinta, Nauka, 256 s. [Chudinov, A. (2007) Political linguistics: a textbook. Moscow: Flinta, Nauka, 256 p.] (in Russian)
 Ersultanova, G. (2019) «Tildik tulga» ugymynyng qurylymdyq mani. A.Baitursynuly murasy: zertteu, zhujeleu zhane nasihattau: halyqaralyq gylymi-teorijalyq konferencia materialdary. Almaty: Eltanym, 396 b. [Yersultanova, G. (2019) The structural essence of the concept of “linguistic personality”. A. Baitursynov's Legacy: Research, systematization and promotion: materials of the international scientific and theoretical conference. Almaty: Yeltanym, 396 p.] (in Kazakh)
 Gumbol'dt, V. (2001) Izbrannye trudy po jazykoznaniju. Moskva: Progress, 400 s. [Humboldt, V. (2001) Selected works on linguistics. Moscow: Progress, 400 p.] (in Russian)
 Islam, A. (2004) Ul'tyq madeniet konteksindegi duniening tildik sureti (salystyrmaly-salgastyrmaly lingvomadeni saraptama): filol. gyl. dokt. ... dis.: 10.02.19. Almaty, 338 b. [Islam, A. (2004) Linguistic picture of the world in the context of national culture (comparative linguistic and cultural examination): philol. science. doct. ... dis.: 10.02.19. Almaty, 338 p.] (in Kazakh)
 Karaulov, Ju. (1987) Russkij jazyk i jazykovaja lichnost'. Moskva: Nauka, 261 s. [Karaulov, Yu. (1987) The Russian language and linguistic personality. Moscow: Nauka, 261 p.] (in Russian)
 Kenzheqanova, Q. (2015) Sajasi diskurstyng pragmalingvistikalыq zhane kognitivtik komponentteri (qazaq tilindegi merzimdi basylymdar materialy boiynsha): filosofija doktory ... dis. Almaty. 168 b. [Kenzhekanova, K. (2015) Pragmalinguistic and cognitive components of political discourse (on the material of periodicals in the Kazakh language): dis. ... of Doctor of Philosophy. Almaty, 168 p.] (in Kazakh)
 Kushkimbayeva, A.S., Tymbolova, A.O. (2013) Precedent texts as the basis of a pragmatic level of M. Auezov's linguistic personality. Middle-East Journal of Scientific Research 18 (4): 454-460 [https://www.idosi.org/mejsr/mejsr18\(4\)13/6.pdf](https://www.idosi.org/mejsr/mejsr18(4)13/6.pdf) (in English)
 Mankeeva, Zh. (2010) Qazaq tilindegi jetnomadeni ataulardyng tanymdyq negizderi. Almaty, 382 b. [Mankeyeva, Zh. (2010) Cognitive foundations of ethnocultural names in the Kazakh language. Almaty, 382 p.] (in Kazakh)
 Muratova, G. (2009) Abaidyng tildik tulgasy: filol. gyl. dok. ... dis. Almaty, 303 b. [Muratova, G. (2009) The linguistic

personality of Abai: Philol. science. doc. ... dis. Almaty, 303 p.] (in Kazakh)

Qaliuly, B. (2012) Til bilimining zhangha bagyttary: koncept, pragmatika, diskurs, matin: maqalalar zhinagy. Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 246 b. [Qaliuly, B. (2012) New Directions of Linguistics: concept, pragmatics, discourse, text: collection of articles. Almaty: Institute of State Language Development, 246 p.] (in Kazakh)

Qartzhan, N., Isaqova, S., Kenzhemuratova, S. (2023) Ertegi diskursyn zertteu maselesi: anyqtamasy, zhiktelui zhane ozara bailany. Eurazia gumanitarlyq institutynyng Habarshysy. №2. [Kartzhan, N., Isakova, S., Kenzhemuratova, S. (2023) The problem of studying fairy-tale discourse: definition, classification and relationship. Bulletin of the Eurasian humanitarian Institute. №2] <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.07> (in Kazakh)

Qozybaev, M. (1998) Tarih zerdesi. T. 2. Almaty: Gylym, 275 b. [Kozybayev, M. (1998) The intelligence of history. Vol. 2. Almaty: Gylym, 275 p.] (in Kazakh)

Ryskulov, T. (2007) Shygarmalarynyng tolyq zhinagy. T. 1, 2, 3, 4. Almaty: Qazygurt. [Ryskulov, T. (2007) Full collection of works. Vol. 1, 2, 3, 4. Almaty: Qazygurt] (in Kazakh)

Vinogradov, V. (1976) Pojetika russkoj literatury: Izbrannye trudy. Moskva: Nauka, 511 s. [Vinogradov, V. (1976) Poetics of Russian Literature: Selected Works. Moscow: Nauka, 511 p.] (in Russian)

Yersultanova, G. (2019) Language personality in the context of journalism (mass media). AD ALTA: Journal of International Disciplinary Research. Vol. 9. P. 90-96. https://www.magnanimitas.cz/ADALTA/090107/papers/A_16.pdf (in English)

Zhaqsybaeva, F. (2000) Gazet matining pragmatikalyq funkciyasy (qazaq tilinde shygatyn gazet materialdary boynsha): filol. gyl. kand. ... dis. Almaty, 153 b. [Zhaksybayeva, F. (2000) Pragmatic function of the text of the newspaper (based on the materials of the newspaper published in the Kazakh language): Philol. science. kand. ... dis. Almaty, 153 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 20.02.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 25.06.2025.

© Рамазанов Т.Б., Садық А.М., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025